

"1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан) 4 Мемлекеттік орталық полигонын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 735 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан) 4 Мемлекеттік орталық полигонын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
ЖАРЛЫҒЫ 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (**
объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан
) 4 Мемлекеттік орталық полигонын пайдалану тәртібі туралы
келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
хаттама жасасу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан) 4 Мемлекеттік орталық полигонын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы атынан 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы

мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан) 4 Мемлекеттік орталық полигонын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Жоба

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан) 4 Мемлекеттік орталық полигонын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан) 4 Мемлекеттік орталық полигонын пайдалану тәртібі туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісті:

1. Келісім атауындағы, кіріспенің үшінші абзацындағы және 1-баптың бірінші абзацындағы "4 Мемлекеттік орталық полигонын" деген сөздер "4 Мемлекеттік орталық көру аралық полигонын" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Кіріспенің екінші абзацы "Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы 1994 жылғы 28 наурыздағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісім," деген сөздермен толықтырылсын.

3. 1-баптың екінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Полигон құрамына Ембі полигоны (5580 Сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) және Сарышаған полигоны кіреді, жер учаскелерінің шекарасы, әскери объектілердің тізбесі, олардың мәртебесі мен пайдалану шарттары Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1995 жылғы 20 қаңтардағы Ембі полигонын пайдалану және жалға берудің шарттары туралы келісіммен, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1995 жылғы 20 қаңтардағы Сарышаған сынақ полигонын пайдалану және жалға беру және Приозерск қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің шарттары туралы келісіммен айқындалады.

Ембі полигонын (5580 Сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) және Сарышаған полигонын пайдаланғаны үшін жыл сайынғы жалға беру ақысы 4

Мемлекеттік орталық көру аралық полигонын пайдаланғаны үшін жыл сайынғы жалгерлік ақыға енгізілмейді және 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ембі сынақ полигонын жалға беру туралы шартпен және 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалға беру туралы шартпен анықталады".

4. 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы жалға беру шартымен оларда орналасқан объектілерімен, Полигонның жылжымалы және жылжымайтын мүліктерімен қоса жер учаскелерін Ресей Федерациясының уақытша пайдалануына береді.

2. Ресей Федерациясының 4 Мемлекеттік орталық полигонының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы 1996 жылғы 18 қазандағы шартқа сәйкес Ресей Федерациясының мүддесіне сай оларды жалға алу кезеңінде Полигонның жер учаскелерін пайдаланғаны үшін Ресей Федерациясы ақы төлеуді жүзеге асырады".

5. 4-баптағы "субарендаға" деген сөздің алдынан "Тараптардың немесе үшінші елдердің заңды және жеке тұлғаларына" деген сөздермен толықтырылсын.

6. 7 - б а п т а ғ ы :

1-тармақтағы екінші сөйлемде "Тараптардың жеке келісімімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында уақытша орналасқан Ресей Федерациясының әскери құрамаларының мәртебесі туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы келісіммен және Тараптардың басқа да келісімдерімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Полигон бастығын Ресей Федерациясының Президенті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрімен келісілген Ресей Федерациясы Қорғаныс министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президентінің келісімімен тағайындауды жүзеге асырады".

7. 9 - б а п т а ғ ы :

1-тармақтың екінші абзацындағы "қалпына келтіруді және" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

1-тармақтың оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тараптардың келісімі бойынша айқындалған тәртіппен қажет болған кезде нысаналар мен ракеталар құлаған алаңдарды қалпына келтіруді қамтамасыз етуді м і н д е т т е н е д і " ;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Осы Келісімнің 8-бабында көзделген ғылыми-зерттеу және сынақ жұмыстарының жылдық жоспарлары негізінде Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының мүддесіне сай сынақ жұмыстарын жүргізген кезде Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің 4

Мемлекеттік орталық көру аралық полигонының жер учаскелері мен әуе кеңістігін пайдалануға жол беріледі".

8. 11-баптың екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Полигонның аумағында жер кадастрын және мониторингті жүргізуді, жерді мақсатты пайдалануды бақылау Полигонның қолбасшылығымен келісілген тәртіп пен және мерзімде Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Ресей Тарабы Полигон аумағында геологиялық барлау және пайдалы қазбалар өндіруді жүргізбеуге міндеттенеді. Полигон аумағында аң аулау, балық ұстау және жабайы өсімдіктерді жинау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады".

9. 13-бапта "міндетті әскери" деген сөздер "шақыру бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан полигонның әскери объектілерінің тізбесі" деген N 2 қосымша осы Хаттаманың қосымшасына сай редакцияда жазылсын.

Осы Хаттама ережесін түсіндіру және қолдану кезінде туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

Тараптардың біреуінде бірлескен шешімді талап ететін мәселелер туындаған кезде осы Тарап екінші Тарапты келіссөздер басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабардар етеді.

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан) 4 Мемлекеттік орталық көру аралық полигонын пайдалану тәртібі туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және осы Келісіммен бір мезгілде өз қолданысын тоқтатады.

200__жылғы "__" _____ каласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮШІН

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан) 4 Мемлекеттік орталық

полигонын пайдалану тәртібі туралы келісімге
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

хаттамаға қосымша

Қазақстан Республикасының аумағына қоныс аударылған
полигон әскери объектілерінің тізбесі

р / с N	Бөлімшелердің, объектілердің атауы	Қоныс аудару орны
1	10 Сарышаған сынақ полигоны	Приозерск қаласы
2	5580 Сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы	Ембі қаласы
3	20 жекеленген сынақ станциясы	Новая Казанка қаласы
4	30 жекеленген инженерлік-сынақ бөлімінің өлшеу пункттері - 8 - С Ж ; - 16-СЖ.	С а й х и н қ а л а с ы Шұңғай қаласы